ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 10 желтоқсан Іс №7119-25-00-2/14507 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Назарова» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. аванстық төлемді өндіру,
3. тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды өндіру

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының жауапкер «Назарова» дара кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, аванстық төлемді, тұрақсыздық айыбы мен айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Назарова» дара кәсіпкері Назарова Жанар Турсынбаевна (ЖСН 900301401485) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Назарова» дара кәсіпкері Назарова Жанар Турсынбаевнадан (ЖСН 900301401485) Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына 147 600 (жүз қырық жеті мың алты жүз) теңге аванстық төлем, 3 690 (үш мың алты жүз тоқсан) теңге тұрақсыздық айыбы мен 24 600 (жиырма төрт мың

алты жүз) теңге айыппұл және 5 277 (бес мың екі жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Назарова» дара кәсіпкері Назарова Жанар Турсынбаевнадан (ЖСН 900301401485) мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 10.12.2025

Дата вступления в законную силу: 20.01.2026, судья Ебенбаева Э. Е., 21.01.2026

7119-25-3-1/14865